

ЖОСПАР

КІРІСПЕ

I ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДЕГІ ҚАРЖЫ САЯСАТЫ МЕН ҚАРЖЫ МЕХАНИЗІМІНІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

1.1 ҚАРЖЫ САЯСАТЫНЫҢ МАЗМҰНЫ, МІНДЕТТЕРІ, МАҚСАТТАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....5

1.2 ҚАРЖЫ МЕХАНИЗІМІ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖЕНЕ ОНЫ РЕФОРМАЛАУ.....7

II ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҚАРЖЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІН РЕТТЕЙТІН ҚҰРАЛДАР

2.1 МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫ САЯСАТЫН ТИІМДІ ЖҮРГІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ.....11

2.2 ҚАРЖЫ САЯСАТЫ, НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДА ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУШІ ПРОЦЕСС.....14

ҚОРЫТЫНДЫ18

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ20

КІРІСПЕ

Қаржы саясаты – мемлекеттің өз міндеттері мен қызметінде қаржы саласында іске асыру үшін жүргізетін нысаналы іс – шараларының жиынтығы. Қаржы саясаты – экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі. Қаржы саясаты, басқа барлық саясаты сияқты қондырмаға жатады.

Жалпы алғанда экономикалық саясат сияқты, мемлекет қаржы саясатын да экономикалық заңдардың – қоғамның экономикалық өмірінің құбылыстары мен процестерінің мәндік, ұдайы қайталанып отыратын, объективті байланыстары мен өзара тәуелділіктерінің талаптарын басшылыққа алып әзірлейді.

Менің курстық жұмысымның басты өзекті мәселелерінің бірі, ол қаржы саясаты нақты шаруашылық өмірде қаржы механизмі арқылы жүзеге асырылуы. Қаржы механизмі дегеніміз қаржыны ұйымдастыру, жоспарлау және басқарудың формалары мен әдістерінің жүйесі болып табылады. Қаржы механизмі арқылы шаруашылық жүргізудің әр түрлі деңгейлері мен қызмет салаларында экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын орындауға арналған ақшалай қаражаттардың нысаналы қорларын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қаржы қатынастары басқарылады.

Қазақстан жағдайында қаржы саясатының міндеті экономиканың экономикалық өсудің траекториясына көшіру, ұлттық шаруашылықтың құрылымын одан әрі жетілдіру негізінде шаруашылық өмірді тұрақтандыру, кәсіпкерлік қызметті дамыту, мемлекеттік бөліктің үлесін оңтайландыра отырып, меншікті реформалау, сыртқы экономикалық қызметті ұлғайтып, жандандыру, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру жөнінде шаралар жасап, оларды қаржы механизмі арқылы іске асыру болып табылады. Қаржы механизмі мемлекет белгілеген қаржы шараларын және нақты, мекен – тұрақты шын нәтижелері қайта түрлендіреді, өзгертеді. Ұдайы өндіріс нәтижелерінің сан алуандығы экономикалық (шаруашылық) механизмнің формалары мен әдістерінің тиісті сан алуандығын туғызады; қаржы механизмі оның құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылады.

Қаржы саясатының мақсаты – қоғам дамуының аса маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажет қаржы ресурстарын толық жұмылдыру.

Сондықтан тәуелсіздікке ие болған республиканың қаржы саясатының міндеті – экономиканы дағдарыстан шығару, халық шаруашылығы құрылымын өзгерту негізінде шаруашылық өмірді тұрақтандыру, кәсіпкерлік қызметі, бағаны ырықтандыру, мемлекеттік бөліктің үлесін біртіндеп көміту жолымен меншікті реформалау, сыртқы экономикалық қызметті кеңейту және жандандыру жөнінде шаралар әзірлеп, оларды қаржы механизмі арқылы іске асыру болып табылады. Республика экономикасының дүниежүзілік шаруашылықпен тоғысуының механизмін жасау міндеті тұр. Сонымен қатар қаржы саясаты мен механизмі нарық қатынастарына ену барысында инфляциядан, жұмыссыздықтан, табыстан айырылып қалудан халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

Республикада аталған бағыттарды жүзеге асыратын тиісті қаржы саясаты мен механизмі әзірленіп, арнайы бағдарламаны іске асыру жүріп жатыр.

Қаржы механизмінің құрылымын сипаттау үшін оның бұйымдары ретінде анықталатын жүйелі талдаудың қосалқы жүйесі, блогі, элементі сияқты ұғымдарын пайдаланған орынды.

Бірінші тараудан алған тақырыбым әлеуметтік-экономикалық процестердегі қаржы саясаты мен қаржы механизмінің мәні мен маңызы. Бұл тарауда бірінші бөлімінде қаржы саясатының мазмұны, міндеттері мақсаттары мен принциптері, ал екінші бөлімінде қаржы механизмі жүйесінің құрылымы және оны реформалау қарастырылған.

Екінші тарауда Қазақстан Республикасында қаржы саясаты және оны басқаруды ұйымдастыру. Бұл тараудың бірінші бөлімінде мемлекеттің қаржы саясатын тиімді жүргізуді ұйымдастыру және басқару, ал екінші бөлімінде қаржы саясаты, нарықтық экономикада әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуші процесс қаралған.

Қаржы саясаты-қаржыны басқарудың түпкі мақсаты, оның нақты нәтижесі; мемлекетке өзінің қызметтерін орындауды қамтамасыз ету, сайын келгенде экономиканы тұрақтандыру мен қоғам прогресі үшін жағдайлар жасау мақсатымен қаржы ресурстарын жетілдіруге, экономикалық жүйе шеңберінде оларды қайта бөліп, пайдалануға тиімділіктің белгілі бір дәрежесіне жетуге бағытталған мемлекеттік шаралардың жиынтығы. Адамдардың сапалы, мақсатты қызметі ретіндегі басқару экономикалық заңдардың объективтік заңдылықтары мен талаптарына негізделген.

Қазіргі жағдайда жасалынған қаржы саясаты концепциясының мақсаты шаруашылықты дамыту, қоғамдық өндіріс тиімділігі барынша арттыру негізінде халық тұрмысының неғұрлым жоғарғы дәрежесіне жету.

I ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДЕГІ ҚАРЖЫ САЯСАТЫ МЕН ҚАРЖЫ МЕХАНИЗМІНІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

1.1 ҚАРЖЫ САЯСАТЫНЫҢ МАЗМҰНЫ, МІНДЕТТЕРІ, МАҚСАТТАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.

Экономикалық дағдарыстан шығу және одан әрі серпінді даму мемлекеттің сындарлы және негізгі саясаты арқылы болуы мүмкін. Жүргізіліп отырған қаржы саясатының басты субъектісі мемлекет болып табылады. Ол қоғамның ұзақ перспективаға арналған қаржысын дамытудың басты бағыттарының стратегиясын жасайды және алдағы кезде арналған міндеттерді, қаражаттарды және оған жетудің жолдарын анықтайды.

Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны экономикалық заңдылықтардың іс - әрекетін ескере отырып және қоғамның даму міндеттеріне сәйкес қаржыны жоспарлы ұйымдастыру болып табылады. Қоғамдық дамудың әрбір кезеңінде қаржы саясатының өзіне тән белгілері болады, ол экономиканың жай-күйін, қоғамның материалдық және мәдени өмірінің төрағы жеткен нәтижеліліктерін және басқада факторларды ескере отырып, түрлі міндеттерді шешеді.

Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны айтарлықтай күрделі, өйткені ол шаралардың ақылды кешенін, оны дәйекті жүзеге асыру стадияларын қамтиды, олар:

1) Экономикалық заңдардың әрекеті, экономиканың жай-күйі, қоғамның әлеуметтік - экономикалық дамуының перспективалары негізінде елдегі қаржының ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу;

2) Экономикалық саясаттың тиісті мақсаттары мен міндеттерін негіздей отырып, қаржы саясатының стратегиялық және тактикалық шараларын тұжырымдау;

3) Белгіленген іс-әрекеттерді қаржы механизмі (экономикалық қайта құрудың түбегейлігіне қарай оны жаңғырта және түзете отырып) арқылы іс жүзінде жүзеге асыру.

Осы негізгі үш буынның бірлігі қаржы саясатының мазмұнын анықтайды. Демек, экономикалық заңдардың іс- әрекетін есепке ала отырып, қоғамды дамытудың міндеттеріне байланысты қаржыны ұйымдастыру мен пайдалану мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны болып табылады.

Қазіргі кезде қаржы саясатының көмегімен шешілетін басты міндеттердің қатарына мыналарды қатқысуға болады:

а) елдің дамуының әрбір нақты кезеңнің ерекшеліктері негізінде қаржы ресурстарының неғұрлым мүмкін болатын көлемін жасаудың жағдайларын қамтамасыз ету;

ә) қаржы ресурстарын қоғамдық өндірістің сфералары арасында, ұлттық шаруашылықтың секторлары арасында ұтымды бөлу және пайдалану, ресурстарды белгілі бір мақсаттарға бағыттау;

б) экономикалық дамудың белгіленген бағыттарын орындау үшін тиісті қаржы механизмін жасап, оны үнемі жетілдіріп отыру.

Елдегі жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкес мемлекеттік қаржы саясаты мен қаржы жүйесінің қызметі нарық жағдайында қажетті қаржы ресурстарын жұмылдыруға, оларды бюджетке толық және дер-бесінде түсіріп отыруға, әлеуметтік - экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламаларында қаралған шараларды үздіксіз қаржыландыруға және материал, еңбек және ақша ресурстарын мақсатты әрі ұтымды пайдалануға бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл мақсаттар Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық дамуының, қоғамдық өмірдің барлық салаларын қайта құрудың стратегиясын қаржымен қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Талудағы мақсат ретінде – мемлекеттік бюджет теңгерімділігіне жету және экономиканы тұрақтандырудың негізінде ұлттық шаруашылықтың қаржы жағдайын сауықтыру проблемасын шешу.

Қаржы саясатын жүзеге асырудың негізіне жалпы және жеке (өзгеше) қағидалардың толып жатқан қатары қойылуы тиіс.

Қаржы саясатын жүргізгенде оның мына қағидаларын жүзеге асырудың зор маңызы бар:

1) жылда бар нақты қаржы ресурстарын негіздей отырып, бюджеттерді жасау, бекіту және атқару кезінде қоғамдық өндірістің барлық қатысушыларының, әлеуметтік, ұлттық және кәсіби топтардың мүдделерін сақтау;

2) қаржы қатнастарының жоспарлы ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;

3) қаржы жүйесінің барлық сфералары мен буындарында кірістер мен шығыстардың теңгерімділігі;

4) қаржы резервтерін жасау (бюджет жүйесіндегі кірістердің шығыстардан және салалық қаржыларда қаржы резервтерінің асып түсуі);

5) мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің арасында қаржы ресурстарын оңтайлы бөлу.

Қаржы саясатының тиімділігін қамтамасыз ететін жалпы қағидаларға мыналар жатады:

1) объективті экономикалық заңдардың іс-әрекетін есепке алу;

2) нақты тарихи жағдайларды есепке алу;

3) өткен жылдардың өзіндік тәжірибесін және дүниежүзілік тәжірибені есепке алу.

Жеке қағидаларға мыналарды жатқызуға болады:

1) қоғамда қаржы жүйесінің ұтымды құрылымын, қаржы қатнастарын жоспарлы ұйымдастыруды және қаржы механизмнің дұрыс құрылуын қамтамасыз ету;

2) қаржы жүйесінің барлық салалары мен буындарындағы кірістер мен шығыстардың теле - теңдігі;

3) бюджеттегі кірістер мен шығыстардан асып түсетін қаржы резервтерін жасау;

4) салық жүйесін ұтымды құру арқылы экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды бағыттарына қаржы ресурстарын шоғырландыру;

- 5) негізгі қаржы ресурстарын мемлекет қарамалына жұмылдыру, оларды мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында тиімді бөлу;
- 6) қаржы және ақша-несие саясатының тепе - теңдігі.

1.2 ҚАРЖЫ МЕХАНИЗМІНІҢ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫ РЕФОРМАЛАУ.

Әрбір экономикалық категорияның өзінің өзгешелігі болады, тиісті қатынастарды бітірудің белгілі бір түрлері, нысандары мен әдістері арқылы көрінеді. Тап осы ұғымдар – қатынастарды іске асырудың түрлері, нысандары мен әдістері – экономикалық өмірде тиісті процестерді басқарудың тетіктері, механизмі ретінде болып келеді. Қаржы өзгеше белгіштік категория ретінде түрлі мақсатты ақша қорларын жасау және пайдалану арқылы жасалынған өнімді бөлу және қайта бөлуге қатысады. Сондықтан осы процесте ірданатын механизм - бұл ақшалай табыстар мен қорларды қалыптастырумен байланысты қаржы қатынастары көрінісінің түрлері, нысандары мен әдістері.

Қаржы шаруашылық жүргізудің бүкіл жүйесімен және оның жоспарлау, болжау, экономикалық қайталандыру, ұйымдастыру және басқару сияқты құрамды бөліктерімен өтене байланысты. Оның үстіне, қаржы қорамдық қатынастар жүйесінің серпінің (динамикасын) анықтаушы неғұрлым жалпы ұғым ретіндегі әлеуметтік механизмнің ұқсас құрамды бөліктерімен де өзара іс - әрекет етеді.

Қаржы механизмі – экономикалық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қоғам ірданатын қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Ол қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Ол қаржы қатынастарын ұйымдастырудың түрлерін, нысандарын және әдістерін, оларды сан жағынан анықтаудың амалдарын қамтиды. Қоғамдық шаруашылықтың жеке бөлімдерінің ерекшеліктеріне қарай және қаржы қатынастарының сфералары мен буындары бөлінуінің негізінде қаржы механизмі шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы механизмі, сондай-ақ мемлекет қаржысының механизмі болып бөлінеді. Өз кезегінде, бұл сфералардың әрқайсысы жеке құрылымдық буындарды қамтиды. Мысалы, мемлекет қаржысының механизмі бюджеттік механизм мен бюджеттен тыс ресурстар механизмі болып бөлінеді. Аулақтық бөлініске сәйкес республиканың, біліктің жергілікті органдарының қаржы механизмі деп бөлуге болады.

Жалпы шаруашылық механизмі секілді қаржы механизмінің де өзіне тән ішкі құрылымы бар және ол айтарлықтай күрделі. Оған қаржы қатынастарының әр алуандылығына сәйкес келетін түрлі элементтер кіреді. Қаржы механизмінің экономикалық жүйе шеңберінде қаржы қатынастарының жиынтығын орталықтандырылған ақша қорларын, қаржы жоспарлаудың әдістерін, қаржыны және қаржы жүйесін басқарудың нысандарын, қаржы заңын

қамтиды. Қаржылық өзара байланыстардың тап осындай көптігі оларды (элементтері) ұйымдастырудың көптеген түрлерін, нысандарын және әдістерін қолдануды алдын ала анықтайды.

Қаржы механизмнің құрылымын сипаттау үшін оның бұйымдары ретінде анықталатын жүйелі талдаудың қосалқы жүйесі (бөлігі), блокі, элементі сияқты ұғымдарын пайдаланған орынды (1 сызбаны қараңыз).

Қаржы механизмнің **қосалқы жүйесі** (бөлігі) оның неғұрлым маңызды қозғаушы күші болып табылады, олар: қаржылық жоспарлау, қаржы тұтқалары, ұйымдық құрылым және қаржы жүйесінің құқықтық режимі, қаржыны ұйымдастыру.

Қаржы механизмнің **блокі** (бұйымы) – бұл жалпы мақсатты бағыттылық белгісі бойынша бірінше біржелкі өзара байланысты элементтердің жиынтығы.

Қаржы механизмнің **элементі** – бұл қарапайым шаруашылық нысан, ол арқылы қоғамдық өндіріске қатысушылардың мүдделері айырықша түрде білінеді.

Экономикалық реформалар мен нарықтық қатнастар тұтқаларының іс-әрекетінің жүйесі болып табылатын қаржы механизмнің құралы мен элементтеріне әсер етпей қойған жоқ.

1-сызба. Қаржы механизмнің жүйесі

ҚАРЖЫ МЕХАНИЗІМІ (ЖҮІЕ)		
ҚОСАЛҚЫ ЖҮІЕЛЕР		
ҚАРЖЫШЫҚ ЖОСПАРЛАУ (БОЛЖАУ)	ҚАРЖЫ ТҮТҚАЛАРЫ МЕН ҮНТАЛАНДЫРМАЛАРЫ	ҮЙЫМДЫҚ ҚҰРЫШЫМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖІМ
БЛОКТАР		
Қаржы болжамдары, жоспарлы және баланстықтары	Қаржы көрсеткіштері	Қаржы нормалары мен нормативтері (жағдайға қаржы ақырында қолданылатындар)
	Қаржы ресурстарын нормативтері (макроэкономикалық нормативтер)	Белудің салалардың
	Ұдайы өндірісті ынталандыруды қамсыздандыру шаралары	және қаржымен
	Қаржыны ұйымдастыру	басқаруды
	Қаржы қанағатын реттейтін, қаржылық және нормативтік актілер	
	Қаржылық бақылау	

Нарықтық реформалардың тереңдей түсуі жағдайында салалық жағынан жаңа қаржы механизмі қолданылады. Бұл шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың бюджет жүйесі мен, сақтық компанияларымен өзара қарым – қатынастарына қатысты. Қаржы механизмін оның қосалдық ұдай өндіріске ықпал жасауы тұрғысынан қарағанда оның функционалдық буындары: ресурстарды жұмылдыру, ынталандыру және т. б.

Қаржы механизмнің әрбір сферасы мен жеке бұйыны біріншай бүтіннің құрамды бөлігі болып табылады. Олар өзара байланысты және өзара тәуелді. Сонымен бірге салалар мен буындар біршама дербес іс - әрекет етеді. Бұл жағдай қаржы механизмі құрамдастарының үнемі қиысуын қажет етеді. Қаржы механизмнің құрамды буындарының іштей үйлесуі оның ұтымдылығының маңызды шарты болып табылады.

Қаржы механизмнің сфералары мен буындары жеке элементтердің күрделілігімен және тарамданушылық дәрежесімен ерекшеленеді. Мысалы, бюджет механизмі салықтардың көп түрінен тұратын жүйе, оған қаржыны пайдаланудың сан алуан бағыттары мен қаржыландыру әдістерінің болуы тән.

Қаржы механизмнің элементтері – қаржы қатынастарын ұйымдастырудың нысандарының, түрлерінің, әдістерінің үйлесуі «қаржы механизмнің конститутивтілігін» құрайды, ол механизмнің әр бір элементтерінің сандық параметрлерін белгілеу жолымен, жиналуының мөлшемелері мен нормаларының, қорлардың көлемін, шығындардың деңгейін және басқаларды анықтау арқылы қозғалысқа келтіріледі. Сандық параметрлер

мен олардың сан алуан әдістері қаржы механизмінің ең шамдағай бөлігі болып табылады. Олар түзетулерге жиі ұшырайды, өндіріс жағдайлары мен іргем алдында тұрған міндеттердің өзгерісін сергек сезіп отырады.

Қаржы механизмін қалыптастыра отырып, мемлекет сол бір кезеңнің қаржы саясаты талаптарына оның толығырақ сәйкестігін қамтамасыз етуге тырысады, бұл саясаттың мақсаттары міндеттерін толық жүзеге асырудың көпірі болып табылады. Сонымен бірге қаржы механизмі мен оның элементтерін жеке және ұжымдық мүдделермен неғұрлым толық үйлестіруге деген үнемі ұмтылушылық сақталынады, бұл – қаржы механизмі тиімділігінің көпірі.

Қаржы саясатының түбегейлі өзгеруімен байланысты қаржы механизмі қайта құрылуда. Қаржы механизмін қайта құрудың мақсаты – нарықтық қатынастарды дамыту негізінде қоғамдық өндірістің тиімділігіне ықпалын күшейту, қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету. Қаржы механизмін қайта құрудың негізіне ұлттық шаруашылықта қаржылық өзара байланыстарды ұйымдастыруға деген қағидалы жаңа көзқарас қойылған, ол жұмыстың тұлғиікті нәтижелері үшін кәсіпорындардың, ұйымдардың, аймақтардың шаруашылық ынтасы мен жауаптылығын барынша дамытуды қамтамасыз етеді.

Халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуді жақсарту мақсатымен әлеуметтік сала мекемелері мен ұйымдарында жаңа шаруашылық механизм енгізілді. Бюджеттен олардың қажеттіліктерін қаржыландыру бір тұрғыдан жұмсалынатын әлеуметтік шығындардың есебінен немесе басқа көрсеткішке қарай анықталатын ұзақ мерзімді тұрақты нормативтердің негізінде жүзеге асырылады. Әлеуметтік сала мекемелеріне ақшаны қызметтер көрсетуге, алған табыстарын өзінше жұмсауға құқық берілген.

Қаржы механизмін құру процесі база жасаумен қосарлана жүргізілуді. Соны жылдары Парламент қаржы қызметтерінің құқықтық негізін қалайтын бірқатар заңдар қабылданды. Оларға мемлекетті кәсіпорындар туралы, шаруашылық серіктестіктері туралы, шетелдік инвестициялар туралы, жаңа салық кодексі туралы және басқа заңдарды жатқызуға болады.

Нарықтық қатынастарға өтумен байланысты практикаға акционерлеу, бағалы қарағанда дивидендтер, еркін бағалар, лицензиялар, кәсіпорындардың тұтыну және қорлану қорлары, валюта қорлары сияқты ұғымдар енді салықтардың жаңа түрлері, ақша қаражаттарының мақсаты аударымдары енгізілді.

II ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАРЖЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫ БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1 МЕМЛЕКЕТҮН ҚАРЖЫ САЯСАТЫН ТИІМДІ ЖҮРГІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ.

Саясат мемлекет қызметінің барлық бағыттарын қамтиды. Саяси ықпал жасаудың элементі болып табылатын қоғамдық қатынастардың саласына қарай экономикалық немесе, әлеуметтік, мәдени немесе техникалық, қаржы немесе несие, ішкі немесе сыртқы саясат туралы айтады.

Кез келген қоғамда мемлекет қаржыны өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін, белгілі бір мақсаттарға жету үшін пайдаланады. Қойылған мақсаттарды іске асыруда қаржы саясаты маңызды рөл атқарады. Оны жасап жүзеге асыру процесінде қоғам алдында тұрған міндеттерді орындаудың шарттары қамтамасыз етіледі, ол экономикалық мүдделерге ықпал жасаудың белгілі құралы болып табылады.

Қаржы саясаты – қаржыны басқарудың түпкі мақсаты, оның нақты нәтижесі, мемлекетке өзінің қызметтерін орындауды қамтамасыз ету, сайып келгенде экономиканы тұрақтандыру мен қоғам прогресі үшін жағдайлар жасау мақсатымен қаржы ресурстарын жұмылдыруға, экономикалық жүйе шеңберінде оларды қайта бөліп, пайдалануға тиімділіктің белгілі бір дәрежесіне жетуге бағытталған мемлекеттік шаралардың жиынтығы. Басқару адам қызметінің барлық аясына, соның ішінде қаржы қызметіне тән нәрсе. Адамдардың саналы, мақсатты қызметі ретіндегі басқару экономикалық заңдардың объективті заңдылықтары мен талаптарына негізделген. Осы заңдардың талаптарын танып білуге сүйене отырып және оларды пайдаланудың нысандары мен әдістерін жасай отырып, мемлекеттік, шаруашылық және қоғамдық органдар арқылы қоғам қаржыны, бағаны, кредитті және тағы басқаларын қоса, өндірістік қатынастардың нысандарын саналы түрде басқарады.

Қаржыны басқару – бұл қаржыны және шектесуші экономикалық және әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсаты мен ықпал жасау процесі және қаржы қатынастарының бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жету.

Мемлекеттің қаржы саясатын экономикалық заңдардың талаптарына қарай Үкімет анықтайды.

Қаржы саясаттың мазмұны сан қырлы. Ол мынандай маңызды бұйымдарды қамтиды:

1) қаржы дамытудың ғылыми негізделген концепцияларын жасау. Ол экономикалық заңдарды іс - қимышын, экономиканың жай күйін зерделеу, қоғамның әлеуметтік экономикалық қатынастарының дамуы перспективаларына халықтың қажеттеріне жан - жақты талдау жасау негізінде қалыптасады;

2) перспективаға және қазіргі кезеңге арналған қаржыны пайдаланудың басты бағыттарын анықтау; сонымен бірге экономикалық саясатта қаралып,

қойылған мақсаттарға жету жолдарына сүйенеді, халықаралық факторлар қаржы ресурстарының есу мүлкіндіктері ескеріледі;

3) қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған нақты іс - қимылдарды жүзеге асыру.

Осы негізгі үш буынның бірлігі қаржы саясатының мазмұнын анықтайды. Демек, экономикалық заңдардың іс-қимылын есепке ала отырып, қоғамды дамуының міндеттеріне байланысты қаржыны ұымдастыру мен пайдалану мемлекеттік қаржы саясатының мазмұны болып табылады.

Қоғамдық дамудың әрбір кезеңінде қаржы саясатының өзіне тән белгілері болады, ол экономиканың жай - күйін қоғамның материалдық және мәдени өмірінің толғағы жеткен қажеттіліктерін және басқа факторларды ескере отырып, түрлі міндеттерді шешеді.

Қазіргі қаржы саясатының көмегімен шешілетін міндеттердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- елдің дамуының әрбір нақты кезеңінің ерешеліктері негізінде халық шаруашылығында қаржы ресурстарының неғұрлым мүлкін болатын көлемін жасайтын

Жағдайларды қамтамасыз ету;

- экономикалық дамудың белгіленген бағыттарын орындау үшін тиісті қаржы механизмін жасап, оны үнемі жетілдіріп отыру;

- қаржы ресурстарын қоғамдық өндірістің салалары арасында, халық шаруашылығының кешендері арасында ұтымды бөлу және пайдалану, ресурстарды белгілі бір мақсаттарға бағыттау.

Елдегі жүргізіліп жатқан экономикалық реформаларға сәйкес мемлекеттің қаржы саясаты мен қаржы жүйесінің қызметін нарыққа көшудің өтпелі кезеңінде қажетті қаржы ресурстарын жинауға, оларға бюджетке толық және дер кезінде жұмылдырып отыруға, әлеуметтік – экономикалық дамудың бағдарламаларына қаралған шараларды үздіксіз қаржылаңдыруға және материал, еңбек және ақша ресурстарын мақсаты әрі ұтымды пайдалануға бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл мақсаттар Қазақстан республикасының әлеуметтік және экономикалық дамуының, қоғамдық өмірдің барлық салаларының қайта құрудың стратегиясы қаржымен қамтамасыз ету қажеттігінен туындайды.

Қаржы саясаты мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады және ісіндіруге жатады. Қаржы саясатын жүзеге асырудың негізіне жалпы және жеке принциптердің толып жатқан қатары қойылуы тиіс.

Қаржы саясатының тиімділігін қамтамасыз ететін жалпы принциптерге мыналар жатады:

- объективті экономикалық заңдардың іс - қимылын есепке алу;

- нақты тарихи жағдайларды есепке алу;

- өткен жылдардың өзіндік тәжірибесін және дүниежүзілік тәжірибені есепке алу.

Қаржы стратегиясы экономикалық әлеуметтік стратегия мен анықталған перспективаға есептелген және ірі ауқымды міндеттерді шешуді қарастыратын қаржы саясатының ұзақ мерзімді курсы. Ол макроэкономикалық процестер дамуының ұзақ кезеңіне бағытталған, ал оның шеңберіндегі күнделікті

міндеттер басты стратегиялық мақсатқа жетудің кезеңдері ретінде жүзеге асырылып отырады. Сөйтіп, қаржы саясатының мазмұны Экономикалық жүйеде қаржыны пайдаланудың стратегиялық бағыттылығы мен үнемі анықталып отырады.

Қаржы тактикасы қаржы байланыстарын ұйымдастыруды деп кезінде өзгеріп отыру, қаржы ресурстарын қайта топтастыру арқылы қоғамдық дамытудың нақты кезеңінің мәселелерін шешуге бағытталған. Қаржы стратегияның біршама тұрақтылығы кезінде қаржы тактикасының орамдылығымен ерекшеленуі тиіс, ол экономикалық жағдайлардың, әлеуметтік факторлардың және басқалардың ширақтылығымен алдын ала анықталынады.

Қаржы саясатының стратегиясы мен тактикасы өзара байланысты. Стратегия тактикалық есептерді шешу үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Экономика мен әлеуметтік сала дамуының шешуші учаскелері мен басты проблемаларын анықтай отырып, тактика әдістерді өзгерту, қаржы байланыстарын ұйымдастырудың нысандары арқылы неғұрлым қысқа мерзім ішінде ысырап пен шығындарды ең аз жұмсап, қаржы стратегиясы белгіленген міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Бір жағынан, қаржы саясатын экономикалық қатынастарды тұрғызып, саясат экономикаға байланысты. Басқа жағынан, экономикалық базис нәтижесінде пайда болып өрі дами отырып, қаржы саясаты белгілі бір дербестікке ие болды; оның өзгеше заңдары мен даму логикасы бар. Осыған байланысты ол экономикаға, қаржы жағдайына кері ықпал етеді. Бұл түрліше болады: бір жағдайда саяси шаралар жүргізу жолымен экономиканы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалады, басқа жағдайда ол кедергі болады.

Саяси шешімдер экономикалық логиканың заңдары бойынша, белгіленген қаржы шараларын жүргізудің салаларын жүргізудің салаларын анық етіп есептеу мен алдын ала көре білу негізінде қабылдануы тиіс, бұл қаржы саясатындағы жңі ойда болмаған өзгерістерден қалтып қалуға мүмкіндік береді және кәсіпорындардың қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Осыған байланысты экономика мен әлеуметтік саладағы болып жатқан процестер туралы қаржы саясатының шараларын етізудің нәтижелері туралы айқын ақпараттың жеткілікті ауқымының зор маңызын атап өту өте қажет. Қаржы және саяси экономикалық ғылымдардың ирригандыларымен қатар ақпарат тиімді қаржы саясатын жасаудың қажетті базасы болуы тиіс. Онда қаржы саясатының дұрыстығын тексерудің берік негізіне қызмет ететін кері байланыс принципін, қоғам өмірінің экономикалық және әлеуметтік салаларының дамуына оның әсер ету позитивтігі принципін сақтау өте қажет.

Мемлекет қаржы қатынастарын ұйымдастырудың әдістерін белгілей отырып, тиісті актілерде баянды етеді, заңдар шығарады. Мәселен Парламент салықтар туралы заңдар шығарады, жыл сайын республикалық бюджет туралы заң қабылдайды және т.б. Қаржы министрлігі мен оның аумақтық қаржы органдары, қолданып жүрген заңдар мен үкіметтің қаулылары негізінде, Мемлекеттік кіріс министрлігінің салық органдары өзінің қызмет бабының шегінде төлемдерді есептеу мен алу жөнінде нұсқамалар, жеке және заңды

тұлғаларға қаржы берудің тережелері туралы нормативті актілер және т.б. жасайды.

2.2 ҚАРЖЫ САЯСАТЫ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДА ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУШІ ПРОЦЕСС

Қазіргі жағдайда жасалынған қаржы саясаты концепциясының мақсаты шаруашылықты дамыту, қоғамдық өндіріс тиімділігі бәрінен арттыру негізінде халық тұрмысының неғұрлым жоғарғы дәрежесіне жету. Қаржы стратегиясының әлеуметтік бағыттылығы халықтың тұрмыс жағдайын арттыруға жұмсалатын қаржы ресурстарын көбейтудің мүмкіндіктерін іздестіруде ғана емес. Сонымен қатар экономикалық саясаттың басты мақсатына деген принципті жаңа мақараста көрінеді. Тұрмыс дәрежесі енді өндіріс дамуың қаржы ресурстарының бағыты мен оны пайдалану құрлымын анықтайтын мөлшері болып табылады.

Әлеуметтік бағдарламаның орталық пункті шығармашылық және жоғары өнімді еңбек дербестік пен ынтыны көрсету, шынайы кәсіпкерлік үшін жағдайлар жасау болып табылады. Сонымен қатар бір мақсатта бірінші кезекте аз қамтылған азаматтарды (дейнеткерлерді, көп балалы отбасыларын), сондай - ақ табысы тіркелген тұлғаларды (бюджет мекемелері, ғылым денсаулық сақтау, білім беру және басқаларының қызметкерін) әлеуметтік қорғау жүйесі қарастырылады. Әлеуметтік қорғау ең алдымен табыстарды индексстеу арқылы, яғни оларды бюджетті қаржыландыру есебінен, жеке жағдайларда өтемдер есебінен де тұтыну бағыттарының индексіне сәйкес арттырып отыру жолымен қамтамасыз етіледі.

Жаңа қаржы стратегия меншіктің әртүрлі нысандарын нарықтық қатынастардың дамуын, тауар нарығының толық қаржылы жұмыс істеуін, жұмыс күшін, капиталдарды ескере отырып жасалған. Қоғам өмірінің экономикалық және әлеуметтік салаларына қаржымен ықпал жасаудың негізгі әдістері мыналар:

- қаржы ресурстарын шебер пайдалану;
- салық салу;
- қаржыландыру;
- қаржы нарық және басқалары.

Қаржы саласындағы дағдарыстың дәлелі мыналар:

- акшаның үдейі түсіп отырған эмиссиясы және онымен қосарланып отырған инфляция;
 - ішкі және сыртқы мемлекеттің борыштың өсуі;
 - залал шегіп отырған және рентабельдігі аз кәсіпорындар санының көп болуы;
 - шаруашылықта өнімсіз шығындардың өдеуір сыммасы.
- Дағдарыс кезеңдері мемлекеттің қаржылары саласында да шаруашылық жүргізуші субъектілер саласында да көрініуде.

Қаржы реттеуіштердің бір бөлігі (мысалы: салықтар) қоғамдағы қайта бөлу процестерінің негізгі ауқымын және соның негізінде мемлекетке қажет ақша көрлерін қалыптастыруды қамтамасыз ете отырып, автоматтық режимде (оның негізгі параметрлерін мемлекет анықтайды) іс - қимылын жасауға қабілетті.

Күрделі экономикалық және қаржы ахуалы шаруашылықты жүргізудің тиімділігі төмендеп отырған жағдайда шаруашылықтың қаржысын сауықтыруға бағытталған шаралардың көшесі жасалды. Басты бір жағдай кәсіпкерлік қызметінің бостандығын мойындау болып отыр. Шаруашылықты жүргізудің сан алуан нысандарын енгізу бәсекені дамытуда, ұйымдық қажеттіліктерді жақсы қанағаттандыруда, ресурстарды сақтауда, өнімнің ассортименті мен техникалық базаны жаңартуда еңбек ұжымының әлеуметтік проблемаларын шешуде инициатива көрсетуде жағдайлар жасайды.

Әлеуметтік басқа қызметтерге бағытталатын қаржы ресурстарын өсіру ең алдымен қорғанысқа, басқаруға және басқаларға жұмсалатын шығындарды шұғыл қысқарту, мемлекеттік қаражаттарды үнемдеу есебіне қарастырылады. Алайда мемлекеттік шығындарды қысқарту тек қысқа мерзімді пайда беруі мүмкін. Саяси экономикалық және әлеуметтік сипаттағы сан алуан себептердің ықпал жасауымен мемлекеттің шығындары үнемі өсіп отырады. Осыған байланысты қазіргі қаржы саясаты мемлекеттің қаржы ресурстарының үнемі өсіп отыруын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қарастырады.

Жалпы табысқа салық салуға көшу жұмыстың түпкі нәтижелері үшін кәсіпорындардың ынталылығы мен жауапкершілігін арттыруға жәрдемдеседі. Мемлекет тарапынан барлық кәсіпорындарға бірдей талаптар белгілеу тәлем көлемін анықтаудағы субъективтілікті жою, қаржы ресурстарын қайта бөлу жолымен шаруашылықты тиімсіз жүргізуге тосқауыл қойылады. Салық тәлемдерінің жүйесін енгізуді мемлекеттік қаржының (мемлекеттік бюджеттің) жай - күйінің кәсіпорындардың тиімді қызметіне тікелей тәуелдігін белгілеу тұрғысынан да принципті маңызы бар. Бюджетке түсетін тәлемдердің көлемі экономикадағы жылып жатқан процестерді дәлелдейді, ал қалыптасып отырған жағдайға талдау жасау шаруашылық бұйымдардың іскерлік белсенділігін жаңдандыруға бағытталатын қаржы саясаты саласында дер кезінде шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Қаржы нарығының дамуымен байланысты халық шаруашылығын дамыту және жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін халықтың, кәсіпорындар мен ұйымдардың ақшалай табыстары мен жинақтарын тартуын өркендеті әдістері кеңіне қолдануда. Мемлекеттік облигациялар мен қазынашылық билеттерді шығару тәжірибесін кеңейте түсуде.

Экономиканы көтеру және осының негізінде елдің қаржы мүмкіндіктерін күшейте түсу үшін оның экономикасына шетелдік инвестицияларды тартудың үлкен маңызы бар. Олар түрлі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін. Дүниежүзілік тәжірибе тұра шетелдік инвестициялардың зор пәрменді болатындығын дәлелдеп отыр.

Қайсы бір қажеттіліктерді болмасын қанағаттандыру тек қаржы ресурстары болған жағдайда ғана қамтамасыз етіледі. Бұл қаржы саясаты нақты қаржы мүмкіндіктерін ескере отырып жасалынады және жүргізіледі дегенді білдіреді. Шығындар қаржы ресурстары көбейгенде ғана өсуі мүмкін. Сонымен акцент тұтынуға жәрдем беруден өндірісті қаржыландыруға жылжиды. Экономикалық және қаржы саясатының бүкіл шаралары, бір жағынан, халыққа

өзінің табыстарын арттыруға мүлкіндік беруге, кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Қаржы саясатын жүргізу, оны нақты шаруашылық өмірде сұйағыдай жүзеге асыру үшін, қаржы механизмі қолданылады. Ол экономикалық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қосым қолданатын қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Қаржы механизмі қаржы қатынастарын ұйымдастырудың түрлерін, нысандарын және әдістерін, оларды сан жағынан анықтаудың амалдарын қамтиды.

Қаржы әдісін қаржы қатынастарының шаруашылық процеске ықпал жасауының тәсілі ретінде анықтауға болады. Қаржы әдістері екі бағытта жұмыс жасайды: қаржы ресурстары қозғалысын басқару желісі бойынша және нарықтық – коммерциялық есеп желісі бойынша. Қаржы әдістерінің іс-қимылын ақша қорларын жасап, пайдаланудан көрінеді.

Қаржы механизмінің жұмыс істеуін құқықтық жағынан қамтамасыз ету басқару органдарының заң актілерін, қаулыларын, бұйрықтарын, циркулярлық қағаздарын және басқа құқықтық құжаттарды қамтиды.

Заң нормаларын енгізу қаржы байланыстарын ұйымдастырудың біріншай ережелерін белгілеуге, қоралдың, кәсіпорындар ұжымдарының және жеке азаматтардың экономикалық мүдделерін қорғауға мүлкіндік береді.

Құқықтық нормаларды сақтау қатаң қаржы тәртібін қамтамасыз етеді, қаржы саласында біріншай саясат жүргізуге жағдай жасайды. Сөйтіп, қаржы саясатын әзірлеп, жүргізудің құралы бола отырып, экономикалық дамуға қаржы саясаты мен қаржы механизмі арқылы белсенді ықпал жасайды.

Нарықтық экономикада өндірістік қорларды жақсы пайдалануда кәсіпорындардың ынталығын артыру үшін ерекше қаржы әдістерін қолданудың, олардың қаржы қызметін қатаң регламенттеудің қажеттілігі болмай қалады. Нарықтық бәсеке кәсіпорынды өндіріс тиімділігі, қаржыны жоспарлаудың сапасын арттыру, қаржы ресурстарын пайдалануға ішкі шаруашылықтық қаржылық бақылауды тереңдету туралы үнемі қалқорлық жасап отыруға итермелейді. Сонымен бірге мемлекет тарапынан нарықтық қатынастарды қаржылық реттеудің маңызы артады. Ол кәсіпорындар табысына /пайдасына / салық салу (ставкаларды, салық жеңілдіктерін өзгерту, салық салу объектілерін саралау арқылы) қосымша салықтар енгізу.

Халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуді жақсарту мақсатымен әлеуметтік сала мекемелері мен ұйымдарында жаңа шаруашылық механизмді енгізеді. Бюджеттен олардың қажеттіліктерін қаржыландыру бір тұрғыда жұмысатын әлеуметтік шығындардың есебіне немесе басқа көрсеткіштерге қарай анықталатын ұзақ мерзімді тұрақты нормативтердің негізінде жүзеге асырылады. Әлеуметтік сала мекемелеріне ақылы қызмет көрсетуге, алған табыстарын өзгеше жұмсауға құқық берілген.

Нарықтық қатынастардың дамуы, басқарудың әдістерін жетілдіру мүлкілі жеке басты сақтандыруды ұйымдастыру мен басқару саласына оң нәтижелерге жеткізді; кооперативті сақтандыру дамуда, акционерлік сақтық қоғамдары пайда болуда; сақтандырудың жаңа түрлері енгізілуде; сақтандырудың міндетті

және ерікті нысандары арасындағы ара - қатынас өзгеруде. Сақтық механизмін жақсарту сақтанушыларға сапалы қызмет көрсетуге, сақтық ісінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Елдегі жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкес мемлекеттің қаржы саясаты мен қаржы жүйесінің қызметі нарық жағдайында қажетті қаржы ресурстарын жұмылдыруға, оларды бюджетке толық және дер кезінде түсіріп отыруға, әлеуметтік - экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламаларында қаралған шараларды үздіксіз қаржыландыруға және материал, еңбек және ақша ресурстарын мақсатты әрі ұтымды пайдалануға бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл мақсаттар Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық дамуының қоғамдық өмірдің барлық салаларын қайта құрудың стратегиясын қаржымен қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Қазіргі жағдайда жасалынған қаржы саясаты концепциясының мақсаты шаруашылықты дамыту, қоғамдық өндіріс тиімділігі барынша арттыру негізінде халық тұрмысының неғұрлым жоғарғы дәрежесіне жету. Қаржы стратегиясының әлеуметтік бағытталуы жалпы халықтың тұрмыс жағдайын арттыруға жұмсалатын қаржы ресурстарын көбейтудің мүмкіндіктерін іздестіруде ғана емес. Сонымен қатар экономикалық саясаттың басты мақсатына деген принципті жаңа көзқараста көрінеді. Тұрмыс дәрежесі ерсі өндіріс дамуы, қаржы ресурстарының бағыты мен оны пайдалану құрылымын анықтайтын мөлшері болып табылады.

Әлеуметтік бағдарламаның орталық нүктесі шығармашылық және жоғары өнімді еңбек дербестік пен ынтаны көрсету, шынайы кәсіпкерлік үшін жағдайлар жасау болып табылады. Сонымен қатар бір мақсатта бірінші кезекте аз қамтылған азаматтарды (зейнеткерлерді, көп балалы отбасыларын), сондай - ақ табысы тіркелген тұлғаларды (бюджет мекемелері, ғылым денсаулық сақтау, білім беру және басқаларының қызметкерлерін) әлеуметтік қорғау жүйесі қарастырылады. Әлеуметтік қорғау ең алдымен табыстарды индексстеу арқылы, яғни оларды бюджеттік қаржыландыру есебінен, жеке жағдайларда өтелдер есебінен де тұтыну бағыттарының индексіне сәйкес арттырып отыру жолымен қамтамасыз етіледі.

Нарықтық экономикада өндірістік қорларды жақсы пайдалануда кәсіпорындардың ынталығын арттыру үшін ерекше қаржы әдістерін қолданудың, олардың қаржы қызметін қатаң регламенттеудің қажеттігі болмай қалады. Нарықтық бәсеке кәсіпорындары өндіріс тиімділігі, қаржыны жоспарлаудың сапасын арттыру, қаржы ресурстарын пайдалануға ішкі шаруашылықтық қаржылық бақылауды тереңдету туралы үнемі қамқорлық жасап отыруға итермелейді. Сонымен бірге мемлекет тарапынан нарықтық қатынастарды қаржылық реттеудің маңызы артады. Ол кәсіпорындар табысына /пайдасына / салық салу (ставкаларды, салық жеңілдіктерін өзгерту, салық салу объектілерін саралау арқылы) қосымша салықтар енгізу.

Қаржы шаруашылық жүргізудің бүкіл жүйесімен және оның жоспарлау, болжау, экономикалық ынталандыру, ұйымдастыру, және басқару сияқты құрамды бөліктерімен етене байланысты. Оның үстіне, қаржы қоғамдық қатынастар жүйесінің серпінін (динамикасын) анықтаушы неғұрлым жалпы

ұғым ретіндегі әлеуметтік механизмнің ұқсас құрамды бөліктерімен де өзара іс-әрекет етеді.

Қаржы механизмі – экономикалық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында кәсіп қолданатын қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Ол қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Ол қаржы қатынастарын ұйымдастырудың түрлерін, нысандарын және әдістерін, оларды сан жағынан анықтаудың амалдарын қамтиды. Қоғамдық шаруашылықтың жеке бөлімдерінің ерекшеліктеріне қарай және қаржы қатынастарының сфералары мен буындары бөлінуінің негізінде қаржы механизмі шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы механизмі, сондай-ақ мемлекет қаржысының механизмі болып бөлінеді. Өз кезегінде, бұл сфералардың әрқайсысы жеке құрылымдық буындарды қамтиды. Мысалы, мемлекет қаржысының механизмі бюджеттік механизм мен бюджеттен тыс ресурстар механизмі болып бөлінеді. Аумақтық бөлініске, қарықтық қатынастарға өтумен байланысты практикаға акционерлеу, бағалы қағаздар, дивидендтер, еркін бағалар, лицензиялар, кәсіпорындардың тұтыну және қорлану қорлары, валюта қорлары сияқты ұғымдар енді; салықтардың жаңа түрлері, ақша қаражаттарының мақсаты аударымдары енгізілді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы үкіметінің актілер жинағы.
2. Берлин С.И. Теория финансов. Учебник пособие. М: Прэор, 2000г.
3. Бюджет жүйесі туралы. Қазақстан Республикасының заңы Астана: 2001ж.
4. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) – Алматы: ЮРИСТ, 2002ж.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы: Қазақстан, 2000ж.
6. Дробозина Л. А. Финансы Учебник для вузов. – М.: ЮНИТИ, 2000г.
7. Дюсембаев К.Ш. Анализ финансового положения предприятия. Учебное пособие. - Алматы: Экономика, 1998г.
8. Залц Н.Е., Фисенко М.К., Бондарь Т.Е. и др. Теория финансов. Учебное пособие. – Мн.: Высш. шк., 1998г.
9. Ынтықбаева С.Ж. Фискальная политика и ее роль в обеспечении устойчивого развития экономики Казахстана. Алматы Қалжы- Қаражат 2002г.
10. Құлшыбаев С. Ілиясов Қ. Қаржы оқулық, Алматы-2003ж.
11. Мельников В.Д., Ильясов К.К. Финансы. Учебник для вузов.- Алматы: 2001г.
12. Мельников В.Д., Ли В.Д. Общий курс финансов. Учебник. – Алматы: Институт развития Казахстана, 2001г.
13. Радостовец В.К., Радостовец В.В., Шмидт О.И. Бухгалтерский учет на предприятиях.- Алматы: Центраудит- Казахстан, 2002г.
14. Финансы. Учебник для вузов. Под ред. М.В. Романовского. М.: Перспектива/ ЮРАИТ, 2001г.
15. Финансы, деньги, кредит. Учебник. Под ред.О.В. Соколовой. – М., ЮРИСТ, 2001г.
16. Финансы. Денежное обращение. Кредит. Учебник для вузов. Под ред. Л.А. Дробозинкой.- М.: ЮНИТИ, 2000г.
17. Қазақстан Республикасының парламентінің жарлығы №18 Астана, 2002ж.
18. Агентство Республики Казахстан по статистике. Казахстан в 1991-2002г.г. Алматы, 2002г.
19. Статистический ежегодник 2001г. Алматы 2001г.
20. Қаржы-қаражат. Журнал. № 3,4,7 2003ж.
21. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің статистикалық бюллетені. Журнал № 8(56) тамыз, 2003ж. №7 маусым, 2003ж.
22. Современный финансовый кредитный словарь. Москва, 1999г.

23. Қазақстан Республикасының 2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы заңдары 12.12.2002ж. №368-ІІ заң (№13,14,16,18,19,21,24,25,26,27,29, Баптар)
24. Егемен Қазақстан. Газет. 1999ж, 21 тамыз.
25. М.Н. Крейтина. Финансовый менеджмент. Москва, 1998г.
26. А.А. Нурсейтов, Н.А. Нурсейтов. Финансовый менеджмент. Учебное пособие. Алматы, 1996г.
27. Оразалы Сабден. XXI ғасырға қандай экономикамен кіреміз. Алматы, 1997г.